 6. тіркеу үшін мынадай құжаттар әділет органдарына талпырылады:
 1. тіркеу жөніндегі өтініш;
 2. құрылтай құжаттары;
 3. жарғылық капиталдардың төлену фактосын растайтын құжат;
 4. тіркегені үшін төленген мемлекеттік баж салығы мен тіркеу жинағының төленгенін растайтын құжат;
 5. ұйымның атауының қайталанбайтындығы жөніндегі құжат;
 6. белгіленген мұқалдарды тіркеу карточкасы;
 7. талпырылған құжаттардың құқықтық сараптамасы жүргізіледі, яғни олардың заң талаптарына сәйкестігі тексеріледі. Мұндай тексерілу үш күннен аспайтын мерзімде жүргізіледі. Бұдан кейін заңгер сараптама қорытындысының негізінде құжаттардың заң талаптарына сәйкестігі жөніндегі өзінің қорытындысын береді.
 8. ұйымға кезекті номерді береді;
 9. тіркелуге жататын ұйымның мөрі дайындалып, тіркеледі;
 10. ұйым статистика органдарында тіркелуге жатады;
 11. салық органдарында есепке алынады;
 12. ұйым баяқте өзінің шотын ашады.

Лицензиялау тәртібін ҚР Үкіметі белгілейді.

Лицензия беру орган лицензияға қатысты мынадай іс-әрекеттері жүргізуге құқықты:

1. лицензияның қызметтік тексеруге;
2. лицензия беруге қажетті шүсініктемелер мен анықталад;
3. тексеру барысында құқық бұзушылық анықталатын жағдайда тексеру қорытынды негізінде акт жасауға құқықты лицензия атқару биік органдарымен бес жылдан кем мерзімде беріледі. Лицензия мерзімсіз уақыт қана берілуі мүмкін.

Лицензия алу үшін өкілетті органдарға келесі құжаттар тапсыруға тиіс:

1. лицензия беру жөніндегі өтініш.
2. құрылтай құжаттарының және мемлекеттік тіркеуден өткені жөнінде

- куәліктің көшірмесі.
- салық органдарда әдетке тұрғаннан растайтын куәліктің көшірмесі.
- лицензия жиындығы төлегенін растайтын құжат.
- лицензия алушының біліктілігі жөніндегі куәлік.

Қажетті құжаттар тапсырмасын күннен бастап лицензия беруші орган 60 күннен аспайтын лицензия беру немесе бермеу жөнінде мерзімін, шешімін қабылдайды. Егер лицензия беруші орган құқық бұзушылықты анықтаса, онда 6 ай мерзімге дейін берілген лицензия күшін тоқтата алады.

Лицензия мынадай жағдайларда өзінің заңды күшін жоғалтады:

- заңды тұлға жаратылған жағдайда;
- заңды тұлға қайта құрған жағдайда, сонымен қатар лицензия мынадай жағдайларда жойылуға жатады;
- әкімшілік тәртіпке, яғни лицензия алушы тұлға алынған лицензия үшін 3 ай мерзімге дейін лицензиялық жиынды төлемегені үшін;
- соттық тәртіпке жойылуы мүмкін, яғни лицензияға өзінің кәсіпкерлік іс-әрекеті жөніндегі азаматтық құқықтарына, мүдделеріне және денсаулығына, сондай-ақ мемлекеттің қауіпсіздігіне зиян келтірген жағдайда, сондай-ақ лицензия талаптарын өрескел бұзған жағдайда.

Қайта құру бұл – ұйымның құқығымен міндеттерін басқа тұлғаларға көше отырып іс-әрекетінің таратылуы болып табылады.

Заңды тұлғаның қайта құрудың 5 түрі:

- Қосу.
- Біріктіру.
- Бөлу.
- Бөліп шығару.
- Өзгерту.

Қайта құру құрылтайдың өзара келісімімен немесе соттық шешімімен жүргізілуі мүмкін. Қайта құру ерікті немесе мәжбүрлі түрде. Қайта құрылған заңды тұлға міндетті түрде мемлекеттік тіркеуден өтуі қажет.

Таратылу құрылтайшылардың өзара келісімімен немесе соттық шешімімен жүргізілуі мүмкін.

Заңды тұлға соттық шешімін мынадай жағдайда таратады:

- Банкрот болғанда;
- заңды тұлғаны құру кезінде заңдарды түзетуге келмейтін сипатта бұзылуына жол беруіне байланысты оны тіркеу жарамсыз деп танылған жағдайда.
- заңды тұлғаның жарғылық мақсаттарына қайшы келетін қызмет үнемі жүзеге асырылған жағдайда.

2.4 Кәсіпкерлік әрекеті несиелендіру мен қаржыландыру.

Қаржыландыру және несиелендіру кәсіпкерлік әрекетті ақша қаражатымен қамтамасыз етудің бір түрі болып табылады.

Қаржыландыру бұл – түрлі нысаналар қандай да бір әрекетті жүзеге асыру үшін ақша қаражатын қайтарусыз ақшсыз табыстау.

Несиелендіру бұл – қаржыландыру сияқты қаржылық мұқтаждықты қамтамасыз етеді. Бірақ несиелендіру қайтарымды, ақшпы, сипатта болады.

Қаржыландырудың мынадай түрлері бар:

1. Мемлекеттік бұл қаржыландыру бюджет есебінен жүргізіледі.
2. Өзін-өзі қаржыландыру бұл шаруашылық субъектілерінің өзінің қаражаты есебінен жүргізіледі.
3. Қайырымдылық бұл қаржыландыру жеке меншік несиелерінің жарналары есебінен жүргізіледі. Осы қаржыландырудың ішіндегі мемлекеттік қаржыландыру қатаң түрде мақсатты сипатта болады және бұл қаржыландыру мемлекеттік органдардың актілерінде белгіленеді. *Мемлекеттік қаржыландыру есебінен берілген ақша құжаты үшін мынадай жауапкершіліктер белгіленеді:*

1. Бюджет қаражатын мақсатына қарай пайдаланбағаны үшін.
2. Ақша қаражаты жөнінде қажетті мәселелер мен есеп берулерді табыстамағаны немесе өз уақытында табыстамағаны үшін.

Жауапкершілік шаралары тағайындалады:

1. Ескерту.
2. Айыппұл.
3. Төлем тұрақсыздығын төлету.
4. Бюджет қаражатын даусыз тәртіпке алып қою.

Мемлекеттік қаржылықтың негізгі бағыттарының бірі мемлекет мұқтаждықты ақша қаражатымен қамтамасыз ету. Мемлекеттік мұқтаждық бұл – елдің қорғанысы, қауіпсіздігі және өзге де маңызды мәселелерді шешу үшін қажетті өкімге мұқтаждық немесе сұранысы болып табылады.

Мемлекеттік мұқтаждықты қамтамасыз ету бойынша мемлекеттік мақсатты бағдарламалар қабылданады. Бұл бағдарламаларда елдің экономикалық, экологиялық, әлеуметтік, мәдени және өзге де аумағындағы ғылыми зерттеу конструкторлық, өндірістік, шаруашылық, кешені беріледі. Осы бағдарламадағы жұмысшыларды ұйымдастыру және оны орындау үшін мемлекеттік тапсырыс берушілер тағайындалады. Мемлекетке тапсырыс берушілер бағдарламаны орындау үшін заңды және жеке тұлғалармен мемлекеттік контракт бекітіледі.

Кәсіпкерлік әрекетінің өзін-өзі қаржыландыру бұл – кәсіпкер мен өзінің қаражаты есебінен өндірістік шаруашылық әрекетін қамтамасыз ету өзін-өзі қаржыландыру екі жолмен жүргізіледі.

1. Өндірілетін өнімнің құнына кеткен шығындарды енгізу арқылы.
2. Кәсіпкердің өзінің қалған кіріс есебінен жүргізіледі.

Кәсіпкер өндірілген өнімнің құнына өндірістік шығындарды тек белгіленген ереже бойынша ғана енгізе алады. Тауардың құны есебінен сол тауар материалдарына кеткен шығындар еңбек ақыны төлеуге қатысты кеткен шығындар, әлеуметтік мемлекеттік қорларға төленетін төлемдерге қатысты шығындар қаржыландырылмайды.

Шаруашылық етуші субъектілермен алынған кіріс салық салудың қайтар көзі болып табылады. Кәсіпкердің биігіінде қалған қаражат кіріске қатысты салықты өтегеннен кейін түрлі мақсаттарда құрылған қорларға алынады. Ұйымның кірісі кәсіпкерлік әрекет субъектісінің өзінің және пайдаждығын қанағаттандыру үшін пайдаланылады.

Кәсіпкерлік әрекетті мемлекеттік несиелендіру тәртібі ақша қаражаты берілетін субъектіге байланысты болады. Мемлекеттік кәсіпорындарға несие пайыздың немесе пайызсыз шарттар негізінде тәртібінде берілуі мүмкін. Шаруашылық етуші субъекті мемлекеттік кәсіпорын болып табылмаса, онда несие шарттық негізде қайтарымды, мерзімді, ақылы және қамтамасыз етілу қағидаларына сүйеніп беріледі. Несие берудің міндетті шарты Несие алушының қаржылық жағдайын алдын ала тексеру болып табылады. Несие бұдан бұрын қайтарымды негізде алынған несиелер бойынша қарыздар жоқ немесе төлем мерзімін бұдаған түрде ғана беріледі.

Мемлекеттік несие мынадай жағдайларда жеңілдіктен беріледі:

1. агро өндірістік ұйымдарға: жем, тұқым, жанар-жағармай алу үшін;
2. ақ өсіруші кәсіпорындарға: жем алуға қажетті жеңілдіктер;
3. балық кәсіпорындарына.

Елшілік несиелендіру:

- қайтарымды;
- ақылы;
- мерзімді қағидаларға сүйене отырып жүргізіледі.

Сонымен қатар несие шарты берілген несиенің мақсаты қағидасына сүйене отырып және несие қамтамасыз ету шарттарына негізделе отырып бекітіледі. Кредитті пайдаланғаны үшін пайыз есебінде ақы алу несиенің ақылығын білдіреді. Алынған ақша қаражаты кредиторға қайтарылуы тиісті. Бұл несиенің қайтарымдылығын білдіреді.

2.5 Жеке кәсіпкерлікті қорғау мен қолдану.

Жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың негізгі бағыттары.

1. Жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау мынадай негізгі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

- жеке кәсіпкерлікті реттеу мәселелері жөніндегі заңнаманы жетілдіру;
- жеке кәсіпкерлікті қолдау орталықтарын, бизнес-инкубаторларды, технологиялық паркттерді, индустриялық аймақтарды және жеке кәсіпкерлік инфрақұрылымының басқа да объектілерін құру және дамыту;

2. Жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау және дамыту:

- мемлекеттік органдардың жанынан жеке кәсіпкерлік проблемаларын зерделеу және дамыту ұғыныстарын әзірлеу жөніндегі ғылыми-зерттеу институттарын құру;
- орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың жанындағы сарапшылық кеңестердің қызметін ұйымдастыру;

- жеке кәсіпкерлік қолдау мен дамытудың қаржы институттарын құру;
- бизнес-инкубаторлардың, жеке индустриялық аймақтардың қызметін ұйымдастыру;
- жер учаскелерін, ғимараттарды, үй-жайларды сату не жерің үй-жайларды Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тұрғын емес үй-жайға ауыстыру жолымен жүзеге асырылады.

3. Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау нышаларды:

- шағын кәсіпкерлік субъектілерінің мемлекеттік қаржылық, статистикалық, материалдық-техникалық және ақпараттық ресурстарды, сондай-ақ ғылыми-техникалық әзірлемелер мен технологияларды пайдалану үшін жағдайлар жасауды;
- шағын кәсіпкерлік дамытудың мемлекеттік, салалық және өңірлік бағдарламаларын әзірлеуді;
- шағын кәсіпкерлік субъектілерін мемлекеттік тіркеудің және таратудың оңайлатылған тәртібін белгілеуді;
- оңтайлы салық салу режимін белгілеуді;
- шағын кәсіпкерлікке кредит берудің бағдарламаларын қабылдауды;
- шағын кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту үшін инвестицияларды, оның ішінде шетелдік инвестицияларды, тарту мен пайдалану жүйесін жасауды;
- мемлекеттік мұқтаждар үшін товарларды сатып алудың көпшілендірілген көлемін қамтамасыз етуді;
- жұмыс істеп тұрған оқу және зерттеу орталықтарының консалтингтік ұйымдар мен шағын кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың ақпараттық жүйелерін дамыту және жаңаларын құру жолымен кадрлар даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыруды қоса алғанда, осы баптың 1- тармағында көрсетілген бағыттар бойынша жүзеге асырылады.

4. Мемлекеттік даму институттары Қазақстан Республикасында және кәсіпкерлік субъектілерінің қалыптасуы мен экономикалық өсуін ынталандыру, сондай-ақ елдегі жалпы инновациялық және инвестициялық белсенділікті арттыру, оның ішінде жоғарғы технологиялық, ғылымды қажетсінетін өндірістерді, өндірістік инфрақұрылымды және өңдеуші өнеркәсіпті дамытуға жәрдемдесу, ел экономикасына ішкі және сыртқы инвестицияларды тартуға жәрдемдесу мақсатында құрылады.

5. Индустриялық аймақтар жеке кәсіпкерлікті дамыту үшін экономикалық және ұйымдық жағдайларды қамтамасыз ету мақсатында құрылады.

Индустриялық аймақтардың міндеттері

1. өнеркәсіп саласындағы жеке кәсіпкерлікті жедел дамытуға жәрдемдесу;
2. жаңа өндірістер инфрақұрылымын құруға және дамытуға арналған шығындарды оңтайландыру;
3. өндіріс тиімділігін арттыру;
4. халықтың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету болып табылады.

6. Мемлекеттік органдар жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жер учаскелерін, ғимараттарды, үй-жайларды сатады, не жер учаскесінің нысаналы мақсатын Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес өзгертіледі, не Қазақстан

Республикасының тұрғын үй қатынастары туралы заңнамасына сәйкес сатып алу-сату шартына не рұқсатқа қажетті инфрақұрылымға қосудың техникалық шарттарын міндетті түрде қоса отырып, тұрғын үйді тұрғын емес қайта жабдықтауға рұқсат береді. Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің одан әрі инфрақұрылымға қосу сатып алу-сату шартына не рұқсатқа сәйкес жүзеге асырылады.

Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың негізгі принциптері:

- шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың көшенділігі;
- шағын кәсіпкерлікті қолдау инфрақұрылымының және жүзеге асырылатын шаралардың шағын кәсіпкерліктің барлық субъектілері үшін қолжетімділігі;
- шағын кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту саласындағы халықаралық ынтымақтастық болып табылады.

Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау мен дамыту:

- қаржылық қолдау көрсету;
- шағын кәсіпкерлікті қолдау орталықтарының желісін ұйымдастыру;
- бизнес-инкубаторлардың қызметін ұйымдастыру;
- бір жылдан астам пайдаланылмаған мемлекеттік меншік объектілерін шағын кәсіпкерлік субъектілеріне сенімгерліктен басқаруға немесе жалға беру;
- өнеркәсіп өндірісін ұйымдастыру және халыққа қызмет көрсету саласын дамыту үшін жалға немесе сенімгерліктен басқаруға берілген объектілерді шағын кәсіпкерлік субъектілерінің меншігіне Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен көзделген шарттарды олар орындаған жағдайда шарт жасасқан күзден бастап бір жыл өтке соң өтеусіз беру жолымен жүзеге асырылады.

Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау мен дамыту:

1. Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың негізгі принциптері:

- Қазақстан Республикасында шағын кәсіпкерлікті дамытудың басымдығы;
- шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың көшенділігі;
- шағын кәсіпкерлікті қолдау инфрақұрылымының және жүзеге асырылатын шаралардың шағын кәсіпкерліктің барлық субъектілері үшін қолжетімділігі;
- шағын кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту саласындағы халықаралық ынтымақтастық болып табылады.

2. Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау мен дамыту:

- қаржылық қолдау көрсету;
- шағын кәсіпкерлікті қолдау орталықтарының желісін ұйымдастыру;
- бизнес-инкубаторлардың қызметін ұйымдастыру;
- бір жылдан астам пайдаланылмаған мемлекеттік меншік объектілерін шағын кәсіпкерлік субъектілеріне сенімгерліктен басқаруға немесе жалға беру;
- өнеркәсіп өндірісін ұйымдастыру және халыққа қызмет көрсету саласын дамыту үшін жалға немесе сенімгерліктен басқаруға берілген объектілері шағын кәсіпкерлік субъектілерінің меншігіне Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен көзделген шарттарды олар орындаған жағдайда

шарт жасасқан кезден бастап бір жыл өткен соң өтеусіз беру жолымен жүзеге асырылады. Осы шарттар сауда-делдалдық қызметті жүзеге асыратын шағын кәсіпкерлік субъектілеріне қолданылмайды.

3. Шағын кәсіпкерлік субъектілерін қаржылық қолдау:

- мемлекеттік мұқтаждар үшін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) кепілдендірілген көлемін сатып алу;
- шағын кәсіпкерлік субъектілерінен сатып алынатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) номенклатурасын және олардың көлемін жыл сайын Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды;
- екінші деңгейдегі банкілер арқылы кредит беруді ұйымдастыру;
- экономика салаларында әлеуметтік маңызы бар жобаларды ұйымдастыру және іске асыру үшін мемлекеттік гранттар беру;
- арнайы инвестициялық бағдарламаларды іске асыру;
- бюджет қаражаты есебінен қарыздар беру жолымен жүзеге асырылады.

4. Мемлекет тарапынан шағын кәсіпкерлікті қаржылық қолдауды негізгі мақсаты қаржылық ресурстарға қолжетімділікті қамтамасыз ету болып табылатын Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен құралатын арнайы қор жүзеге асырылады.

Қордың негізгі міндеттері:

- 1) жобалық қаржыландыру;
- 2) жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қатысуымен микрокредиттік ұйымдар желісін дамыту;
- 3) шағын кәсіпкерлік субъектілерінің екінші деңгейдегі банкілерден олар кредиттер алған кезде кепілдік беру жүйесін жасау;
- 4) қаржылық лизингті дамыту;
- 5) шағын кәсіпкерлік субъектілерін оқыту және консалтингілеу;
- 6) шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін сапалы менеджменті жүйесін ендіру жөніндегі операцияларды қоса қаржыландырудың гранттық жүйесін дамыту болып табылады. Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне кредит беруді қор тартыпқан және өз қаражаты есебінен жүзеге асырылады. Ауыл шаруашылығы қызметін жүзеге асыратын шағын кәсіпкерлік субъектілеріне қарыздар бірінші кезектегі тәртіппен беріледі.

5. Шағын кәсіпкерлікті қолдау орталықтары халықты жеке кәсіпкерлікке тарту, жаңа шағын кәсіпкерлік субъектілерін құру мақсатында құрылады.

Шағын кәсіпкерлікті қолдау орталықтарының міндеттері

- кәсіпкерлік ахуалды, отандық және халықаралық нарықтарды, экономиканың салалары мен секторларын талдау;
- маркетинг және менеджмент саласындағы қызметтер көшесін көрсету;
- инвестициялық және бизнес-жобаларды әзірлеу жөніндегі қызметтерді, консультациялық және басқа да қызметтер көрсету;
- шағын кәсіпкерлік субъектілерінің инновациялық белсенділігін арттыруға жәрдемдесу;
- шағын кәсіпкерлік субъектілерінің кәсіби өсуіне жәрдемдесуі;
- ақпараттық және сараптамалық ресурстарға қолжетімділікті қамтамасыз ету;

- семинарлар, тренингтер өткізу;
- шағын кәсіпкерлік субъектілерінің деректер базасын қалыптастыру;
- шағын кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ақпаратты және оны дамытудың проблемалық мәселелерін талдау мен қырыту болып табылады.

6. Бизнес-инкубаторлар шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қалыптасуына және дамуына жәрдем көрсету үшін құрылады.

Бизнес-инкубатордың міндеттері:

- бизнес-инкубаторларға орналастыру үшін шағын кәсіпкерлік субъектілерін іріктеу;
- шағын кәсіпкерлік субъектілеріне білім беру, маркетингтік және басқа да ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтер көрсету болып табылады.

Шағын кәсіпкерлікті қолдау орталықтарың, бизнес-инкубаторларды құрудың және олардың қызметінің тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

7. Сауда-делдалдық қызметті қоспағанда, өнеркәсіп өндірісін және қызмет көрсету саласын ұйымдастыру үшін шағын кәсіпкерлік субъектілеріне бір жылдан астам пайдаланылмаған мемлекеттік меншік объектілері сенімгерлікпен басқаруға немесе жалға берілуі мүмкін.

Шағын кәсіпкерлік субъектілерінің жалға алу немесе сенімгерлікпен басқару шарттарының талаптарын орындауын бақылауды республикалық және коммуналдық меншікке иелік етуге уәкілетті тиісті мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

Шағын кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың мемлекеттік салалық және өңірлік бағдарламалары:

1. Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау мемлекеттік, салалық және өңірлік бағдарламалар негізінде жүзеге асырылады және ол шағын кәсіпкерлікті дамыту мен қолдауға бағытталған шаралар кешенін білдіреді.

2. Шағын кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың мемлекеттік, салалық және өңірлік бағдарламалары өндірісті бәсекеге қабілетті өніммен қамтамасыз ету, сондай-ақ инновациялық, білім беру қызметі, қаржылық және құқықтық консалтинг саласындағы шағын кәсіпкерлік субъектілеріне қаржылық, оқу-әдістемелік көмек көрсету үшін әзірленеді.

3. Шағын кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді және олар республиканың барлық аумағында мемлекеттік органдар мен жеке кәсіпкерлік субъектілерінің орындауы үшін міндетті болып табылады.

4. Егер аккредиттелуге бір әкімшілік-аумақтық бірлік, бір қызмет саласын білдіретін екі және одан да көп коммерциялық емес ұйым үміткер болған жағдайда, онда азаматтардың нағұрылым көп санын біріктірген коммерциялық емес ұйым аккредиттелуге жатады.

5. Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестіктерін аккредиттеуді жүргізу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

Сарапшылық кеңестер

1. Орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың жанындағы сарапшылық кеңестерге жеке кәсіпкерлік субъектілерінің аккредиттелген бірлестігінің, коммерциялық емес ұйымдардың, мемлекеттік органдардың өкілдері кіреді.

2. Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің аккредиттелген бірлестігі мен коммерциялық емес ұйымдар орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың жанындағы сарапшылық кеңестің құрамына ұжымдық мүше ретінде кіреді және өкілетті сенімхатпен расталатын өз өкілі арқылы әрекет етеді.

Орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың жанындағы сарапшылық кеңестердің құрамы мемлекеттік органдар басшыларының шешімдерімен бекітіледі.

3. Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерді әзірлейтін мемлекеттік орган, мемлекеттік құрылымдарды қамтитын нормативтік құқықтық актілерді қоспағанда, оны сарапшылық кеңестің қарауына енгізеді.

4. Сарапшылық кеңестер туралы үлгі ережені Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

5. Сарапшылық кеңестердің жұмысын талдау мен оның мониторингін уәкілетті органның жанынан құрылатын үйлестіру кеңесі жүзеге асырады.

Уәкілетті органның басшысы үйлестіру кеңесінің төрағасы болып табылады. Үйлестіру кеңесінің құрамын уәкілетті органның басшысы қалыптастырады.

ҚОРЫТЫНДЫ

ҚР заңдарымен реттелетін кәсіпкерлікті дамытпай Қазақстанның экономикасын реформалау мүмкін емес. Өтпелі кезеңде ҚР Президентінің «Шаруашылық қызметінің еркіндігімен кәсіпкерлікті дамытудың еркіндігі туралы», «Жеке кәсіпкерлік туралы», «Ақционерлік қоғам туралы», «Шаруашылық серіктестіктері туралы» және т.б. жарғысы және ел басшылығымен бірнеше заңдар қабылданған еді. Бұл заңдар азаматтардың және заңды тұлғалардың кәсіпкерлікті жүзеге асырудағы кәсіпкерлік қызметінің еркіндігін қамтамасыз ететін негізгі құқықтық, экономикалық және әлеуметтік жағдай мен кепілдікті анықтайды.

Кәсіпкерліктің өмір сүруі мен дамуының негізгі жағдайлары болып табылатындар:

- өндіріс құралына және қызметтің соңғы өніміне меншік, сондай ақ экономикалық игіліктерге меншікті беру және алу құқығы;

- келісімшартпен, бірігумен, кәсіпкерлік және тұтынушылық таңдаумен еркін шаруашылық субъектісінің жеке автономиясы;

- айырбас нысанының дамуы, яғни, тауарлық – ақшалай қатынастардың болуы, оның ішінде еңбектерінің сатып алу және сатудың болуы.

Қазақстан үшін кәсіпкерлікті дамыту мәселесі өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Өйткені нарық экономикасының өзі – бұл кәсіпкерлік экономика. Мемлекетте кәсіпкерлікті дамыту нарықтық дамытудың кепілі. Сондықтанда кәсіпкерлік төңірегіндегі көптеген мәселелердің көтеріліп жатуы, оның экономикадағы рөлінің маңыздылығы дәлелдейді, жалпы еркендікті елдерде өздерінің экономикалық және әлеуметтік мәселелерін шешуде кәсіпкерлікке арқа сүйейді. ҚР конституциясында кәсіпкерлік турасында былай деп жазылған «Әркімнің кәсіпкерлік қызмет еркіндігіне өз мүлкін, қаз келген заңды кәсіпкерлік қызмет үшін еркін пайдалануға құқығы бар».

Шағын кәсіпкерлік қызметін басқарудағы ұйымдастырушылық-экономикалық механизмдерін жетілдіру мәселелерін зерттеу нәтижесінде келесідей қорытындылар мен ұсыныстар жасауға болады:

1. Шағын кәсіпорын мекемелерінің қызметін басқару механизмі кәсіпкерлікті ұтымды жүргізу мәселесіне бағытталуы тиіс. Себебі, ол әлеуметтік және қаржылық-экономикалық процестерді біріктіреді.

2. Шағын кәсіпкерлікті басқаруды экономикалық және құрылымдық өзгерту – бұл мемлекеттің белсенді рөлі мен шаруашылық субъектілердің нарықтық тәртібіне негізделетін, шағын кәсіпорын басқарудың ұдайы өндіріс жүйесіндегі және ұйымдастырушылық құрылымындағы шағын кәсіпкерлік қатынастарының субъектілері арасындағы экономикалық қатынастарын жарым-жартылай немесе толық түрлендіруге бағытталған процесс.

3. Нарықтық экономика жағдайларында шағын кәсіпорын мекемелерінің төменгі бөлімшелері – кәсіпкерлер шағын кәсіпорын мекемелерінің қызметін басқару механизмін құруда, бизнес жүргізудің нарықтық нысандарын қалыптастыру мен дамытуда, кәсіпкерліктің, шағын

кәсіпорын мекемесінің, саланың экономикасын дамытуда, жұмыскерлердің бастамасын жоғарылатуда басты рөл атқарады. Кәсіпкерлік келесідей шарттардың негізінде дағуашылықты дербес жүргізу құқығын иеленді мүмкін: шағын кәсіпорын, шықсат ресурстарының болуы және оларды еткізу нәтисжелілігі, сондай-ақ өндірістік бағдарламаны орындаудың жоғары сапалық көрсеткіштерінің болуы.

Осы мақсатқа байланысты төмендегідей міндеттер анықталды: шағын кәсіпорын өнімдерінің шығымы мен сапасын арттыру, мемлекеттік қолдаудың арқасында өнім қауіпсіздігін қамтамасыз ету; шағын кәсіпкерлікті дамытуды қолдау; өнім өнімділігі мен өнімнің сапасын арттыру; шағын кәсіпкерлікпен айналысатындарды мемлекет тарапынан қолдау; ШОК үдемелі ғылыми және технологиялық дамуын қамтамасыз ету; қуаттылықты пайдалану деңгейінің техникалық жаңаруының өсуін қамтамасыз ету мен кәсіпорындарды ДСҰ кіру жағдайына бейімдеу.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Государственное регулирование развития малого предпринимательства в Республике Казахстан // Исследования, результаты – Алматы, 2009. – № 4. – С. 441-445.
2. Қазақстандағы шағын бизнестің мемлекеттік қолдауының негізгі жолдамасы // «ТМД мемлекеттерінің аграрлық нарығы: даму және қарым-қатынас мәселелері». Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция. – Алматы: ҚазАӨК экономикасы және ААД ҒЗИ, 2010. – Б. 77-79.
3. Моделирование конкурентоспособности продукции фирмы // Исследования, результаты. – Алматы, 2009. – № 4. – С. 445-449.
4. Об оценке эффективности функционирования предприятия // Вестник Университета «Қайнар». – Алматы, 2009. – № 4/2. – С. 61-65.
5. Предпринимательское право: Курс лекций / Под ред. Н.И. Клейн М., 1993.
6. Предпринимательское право: Учебник для студентов образовательных учреждений среднего профессионального образования / Под ред. Е.П. Губина и П.Г. Лажно М., 2001.
7. Толстошеев В.В. Региональное экономическое право России М., 1999.
8. Хозяйственное право / Под ред. В.С. Мартемьянова М., 1994 Т. 2
9. Шағын кәсіпкерлік – экономиканың негізгі өзегі // «Инновациялық экономика жағдайында Каспий өңірінің әлеуметтік-экономикалық дамуының өзекті проблемалары». Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары – Атырау: Атырау МУ, 2009. – 2 том, – Б. 118-119.
10. Шағын кәсіпорының кластерлі экономикада бәсекелестікті жоғарылату стратегиясы // «Агроэнергетика меншігінің индустриялы-инновациялық дамуы: қазіргі жағдайы және келешегі». Қазақ ұлттық аграрлық университетінің 80 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. – Алматы: ҚазҰАУ, 2010, мақалалар жинағы, – 3 кітап, – Б. 169-172.
11. Шершеневич Г.Ф. Учебник торгового права М., 1994
12. Экономическая сущность развития малого предпринимательства // Вестник Университета «Қайнар». – Алматы, 2009. – № 3/2. – С. 49-53.